

**Астана қаласы әкімдігінің Акселеу Сейдімбек ШЖҚ №54 мектеп-лицей
МКК Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

Хаттама №2

Өту орны: №54 мектеп-лицей, Ш. Иманбаева, 4
Күні мен уақыты: 19 желтоқсан 2023 жыл, сағат 18.30

Қатысты: Қамқоршылық кеңес мүшелері

1. Сейсенбай Шәкәрім Толыбайұлы – «Qadam School» мектебінің директоры
2. Жаубасов Серік Жанатұлы – Бөлім басшысы, QazaqGaz ҰК АҚ
3. Насығазы Болат Қайырболатұлы- Нұр-Сұлтан қаласындағы «Astana Garden Shools» ЖШС директорының орынбасары.
4. Қайырғалиева Балауса Толеугалиевна – Нұр-Сұлтан қаласындағы «№46 Самал санаториялық балабақшасы» КММ меңгерушісі.
5. Тюлебаева Анара Жагипаровна – «№29 Ақ қайың бөбекжайы» МКҚК меңгерушісі.
6. Даутова Сабина Жанатовна-Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы экономикалық талдау бөлімінің бас сарапшысы.
7. Шәкен Тұрар Сәттарқызы - «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің негізін салушы, идея авторы, этнолог.
8. Сейдімбек Зере Акселеуқызы – ҚР «Халық банк» филиалының орынбасары
9. Борлықбаева Райхан Кумисбековна -«Qadam School» мектебінің академиялық директоры

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының I отырысына қатысу. Мұқашев Қ.М.
2. Жаңа жылдық (президент, әкім шаршасы т.б.) мерекенің ұйымдастырылуына және өткізілуіне қатысу. Казыбаева У.С., Айтенова Ш.А.
3. Оқушылардың психологиялық ахуалының ұйымдастырылуымен танысу, көмек көрсету. Айтенова Ш.А., Стамкулова Қ.Ш.

Тыңдалды:

Жиналыс мектеп-лицей директорының алғы сөзімен басталды. Бүгінгі отырыстың күн тәртібімен таныстырды. Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Қ.М. Мұқашев сөз алды. Ол

2023-2024 жылға жоспарланған іс-шаралардың бірінші жартыжылдыққа жоспарланған және орындалған іс-шараларға тоқталып, I жартыжылдыққа есеп берді.

Өзекті мәселелердің бірі мектеп формасының сақталмауы, ауа-райының жаңбырлы, күн жылы кезде қар еру т.б. кезеңінде екінші аяқ киімді ауыстыру, шаш үлгісі және қыз балалардың шаштарын жайып жүруі, сияқты проблемалардың бар екендігі айтылды. Бұл мәселелер бойынша мектеп тарапынан, әкімшілік тарапынан қаншалықты жұмыстар пысықталып жүргізілгенімен де, мәселе ашық күйінде қалып отырғанын, ата-аналар тарапынан бұл мәселелерге бей-жайлық танытатындығын жеткізді. Осы жарты жылдық қорытындысымен бөлісті, оқушыларға арналған психологиялық көмек, құқықбұзушылықтың алдын алу шараларының жоспарлы жүргізіліп тұратынын жеткізді, есепте тұрған оқушыларды, атқарылған іс-шараларды, профилактикалық жұмыстардың екінші жарты жылдыққа арналған жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі II мәселеге сәйкес мектеп директоры У.С. Казыбаева және әлеуметтік педагог Ш.А.Айтенова сөз алды. Мектеп директоры жаңа жылдық ертеңгіліктерге мектеп оқушыларының толық қамтылуы туралы ақпарат берді. Сынып жетекшілер мен ата-аналардан алынған сауалнамаға сүйене отырып, жол қауіпсіздігі мен ауа райы және жолға кететін уақытты есептей келе 1-11 сынып оқушыларына жаңа жылдық шырша мектепте ұйымдастырылады деп шешілді. Ертеңгіліктерді оқушылар сарайынан келіп өткізеді. Директордан кейін сөз кезегін алған әлеуметтік педагог Ш.А. Айтенова жылда ұйымдастырылатын әкім шыршасына және Президент шыршасына оқушылар жіберу керектігін және осы отырыс нәтижесімен хаттама толтырып баратын оқушылар анықталатындығын айтты. Әлеуметтік педагог жаңа жылдық (Президент, Әкім шаршасы т.б.) мерекесі туралы баяндады.

Президент шыршасына 9-13 жас аралығында 2 оқушы, Әкім шыршасына 6-13 жас аралығында 1 оқушы болуы тиіс.

Біздің мектебімізде 3 жетім оқушы; 31 азқамтылған отбасының оқушылары; ерекше білімді қажет ететін 21 оқушы; көпбалалы отбасының 250 ден астам оқушылар бар. Ата анасының қамқорлығынан айырылған жетім оқушының 2-еуі 15 жастан асып кеткен, қалған категориялар бойынша балалардың жас ерекшеліктері мен оқу-білімдегі, спорт, шығармашылықтағы жетістіктерін ескере отырып, келесі оқушылар тізімін ұсынамыз:

- **Заналхан Айша**, 7 жаста, жетім;
- **Алмасұлы Бейбіт**, 9 жас, анасы мен әжесі биыл жазда жол апатынан қаза болды, белсенді, үлгілі оқушы;
- **Серік Инжу, Маржан**, егіз, 11 жаста, азқамтылған көпбалалы отбасы, белсенді, оқуда озат, тәртіпті;
- **Бекзат Мұхамеджанұлы**, 12 жас, анасы қайтыс болды 1 жыл бұрын, көпбалалы отбасы;
- **Ермұқан Саян**, 12 жас, көпбалалы, азқамтылған отбасы;

- Қалдыбай Нұрәли, 11 жас, көпбалалы Алтын алқа;
- Қасым Нұрай, 11 жаста, ерекше білімді қажет ететін оқушы (ДЦП 2 гр);
- Өмербек Айзере, 12 жас, толық емес отбасы, анасы мүгедек, азқамтылған;
- Тұрсынбай Әділет, 12 жас, азқамтылған, көпбалалы отбасы, Күміс алқа;
- Сеидалы Мухаммед – 11 жас – күн көріс деңгейі төмен, толық емес отбасы;

Заналхан Айша (жетім) жас ерекшелігін ескере отырып, келесі жылғы шыршаға қалдырылса, биылғы жазда анасы жол апатынан қайтыс болған Алмасұлы Бейбітке қолдау көрсетсек, сонымен қатар көпбалалы және әл ауқаты төмен отбасынан шыққан Ермұқан Саянды жіберуге ұсыныс білдіремін, деп Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Ш.Толыбайұлы сөз сөйледі. Комиссия мүшесі бірауыздан қолдады.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша мектеп психологы Қ.Ш. Стамкулова сөз алды. Ол, оқушылардың психологиялық ахуалының ұйымдастырылуы мен көмек көрсету бойынша айтты. Биыл мектепте ата-аналарды қолдау орталығының ашылғандығын, әр айдың соңғы сенбісінде ата-аналармен бірге атқарылатын іс-шараларға тоқталды. Көмек көрсету әдістерімен, тренинг семинарлар мен кеңес алған оқушылар есебін берді. Әлі де осы бағыт бойынша жасалатын жұмыс жоспарымен бөлісті.

Шешім:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары тиімді жүргізілсін.
2. Мектеп формасы үлгісінің қатаң сақталуы, сабаққа кешігу, себепсіз сабақты босату жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін.
3. Жаңа жылдық (президент, әкім шаршасы) мерекенің ұйымдастырылуына мектеп әкімшілігі жауапты және бүкіл қауіпсіздік қатаң сақталсын!
4. Президент шыршасына Алмасұлы Бейбіт, Астана қаласының әкім шыршасына Ермұқан Саян жіберілсін, жол қауіпсіздігі мен өмір қауіпсіздігі жауапкершілігі Ш.Айтеноваға, тәрбие орынбасары Ж.Матеноваға жүктелсін.
5. Оқушылардың психологиялық ахуалын бақылау, тиімді жұмыс түрлерлерінің ұйымдастырылуы өз жалғасын тапсын. Мектепшілік психологиялық жұмыстардың жүргізілуі мектеп әкімшілігі мен мектеп психологтарына міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес
төрағасы
Кеңес хатшысы:

 Ш.Т. Сейсенбай
 Ж.Г. Матенова

1. Сейсенбай Шәкәрім Толыбайұлы
2. Жаубасов Серік Жанатұлы
3. Насығазы Болат Қайырболатұлы
4. Қайырғалиева Балауса Төлеугалиевна
5. Төлебаева Анара Жагіпаровна
6. Даутова Сабина Жанатовна
7. Шәкен Тұрар Сәттарқызы
8. Сейдімбек Зере Ақселеуқызы
9. Борлықбаева Райхан Кумисбековна

A collection of handwritten signatures in black ink, positioned to the right of the list. The signatures are stylized and appear to be the personal marks of the individuals listed. Some signatures are more legible than others, but they generally correspond to the names in the list.